



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ИСЛАМ ҚАРЖЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА ДАМУЫ**Шәди Арсен Нұрғалиұлы**arsen_shadi@mail.ruЛ.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ХҚФ Шығыстану кафедрасының 2 курс студенті,
Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі - З.С.Ильясова

Ислам қаржысының даму тарихы, Ислам дінінің пайда болуынан бастау алады. Оның ерекшелігі рибаға (қарыз пайызы) жол берілмейді [1, 106 б.]. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап, алғашқы ислам банктік және банктік емес институттар пайда бола бастады. Пайда болған күннен бастап, ислам қаржы мекемелерінің әлемдегі саны 300-ден аса ұйымға жетті. Олар көбіне Таяу Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Азия жерлерінде орналасқан. Кейінгі жылдары Еуропа мен АҚШ-та да көбеюде. Қазіргі таңда ислам қаржы жүйесінің жалпы активтері 250 млрд. АҚШ долларын құрайды [2].

Ислам қаржысының әлемдегі қарқынды дамуы, біздің назарымызды аударып, оны Қазақстанда дамыту керектігі алға қойылды. Ислам қаржы жүйесінің өзіндік артықшылықтары бар. Қарыздық пайыздың болмауы, спекуляцияға жол берілмеу, құмар ойындарға тиым салу, бұлардың барлығы ислам банктеріне тән құбылыстар. Әділдік принциптеріне негізделген исламдық бизнес этикасы пара алуға, монополизациялауға, құнды қағаздар бағасын анықтау барысында жалған ақпар беруге, әділетсіз жолдармен тез баюға, құмар ойындары мен қор нарығындағы алыпсатарлыққа түбегейлі қарсы [3]. Бұл жалпылама «этикалық қаржылар» деп аталады. «Этикалық қаржылар» басымдылықты тек пайда көруге емес, сол пайданың адал жолмен келуіне көңіл бөледі. Ислам банктері этикалық шектеулердің рөлінде діни қағидаларды ұсынады. Ислам дініндегі негізгі сенім сол, бүкіл әлемді Жаратушы жаратты және оны Өзі басқарады. Адамды жаратты және адамға оның бүкіл өмірінің тұстарын қамтитын парыздар бекітті. Шектен шықпай, Ислам діні адам өмірінің әлеуметтік немесе экономикалық жақтары болсын, белгілі бір қағидалар арқылы реттеуші. Ислам нарық пен нарықтық экономиканың күшін жоққа шығармайды. Капиталистік және исламдық экономикалардың негізгі айырмашылығы мынада, зайырлы капитализмде пайда мен жеке меншікке басымдылық көптеп беріледі. Бұндай әдістер қоғамдағы дисбалансты тудырды. Қарыздық пайыз, құмар ойындар, спекуляциялар негізгі қаржыны аз адамдардың қолында шоғырлануына жол ашады. Капиталистік экономикада кездесетін және бір жағдай, көпшіліктің көңіліне ұнамсыз кейбір өндірістер, белгілі бір топтың көңілінен шыққандығы үшін ғана рұқсат етіледі [4, 85 б.].

Ислам принципі бойынша, ақша айырбасынан пайда көруге болмайды. Әрбір валютаның бірлігі дәл сол секілді басқа валютаның бірлігіне 100% тең. Шариғат бойынша қаржыландырудың нағыз құралы болып «мушарака» мен «мудароба» болып табылады. Банк, осы екі құралдың негізінде қаржы бергенде, ол қаржы міндетті түрде ішкі құны бар активтерге ауысады. Пайда сол нағыз активтердің сатылуынан түсіп отырады.

«Мушарака» араб тілінен аударғанда «бөлу» деген мағынаны берсе, бизнес пен сауданың тілінде бұл термин «бірлескен капитал жұмсалымы» дегенді білдіреді. Заманауи капиталистік экономикада қарыздық пайыз барлық қаржылай әрекеттерге қатысады. Ал ислам дінінде қарыздық пайызға тиым салынғандықтан, бұл қаржы құралы қаржылай әрекеттерге ат салыса алмайды. Қарыздық пайыз бойынша, қарыз алушы адам пайда алса да, пайда алмаса да, несие бойынша белгіленген соманы төлеуі тиіс. Ал мушаракада белгіленген сома құралы қолданылмайды. Мушаракада сый, бірлескен әрекеттің нәтижесіндегі нақты табысқа негізделген. Қарыздық пайызға несие беруші шығынға ұшырамайды, ал мушарака бойынша банк шығынға ұшырауы мүмкін. Яғни, мүмкіндіктер теңестіріледі. Ислам қарыздық пайызды әділетсіз қаржыландыру құралы деп есептейді. Себебі қарыздық пайыз, несие берушіге де, несие алушыға да әділетсіздік танытады [5, 19 б.].

Заманауи экономикалық жүйеде банктер салымшылардың ақшасын несие ретінде өндіріс пен сауданың дамуына қолданады. Кәсіпкердің 10 миллион қаржысы бар делік. Ол 90 миллион банктен алып, бар қаржыны үлкен жобаға құяды. Яғни, жобаның 90%-ы салымшылардың есебінен, тек 10%-ы ғана кәсіпкердің өз қаржысының есебінен болады. Егер жоба үлкен табыс алып келсе, оның аз ғана мөлшері, 14-15% ғана банк арқылы салымшыларға өтеді. Ал қалған табыстың барлығы, қосқан үлесі 10%-дан аспайтын кәсіпкерге тиесілі болып қалады. Бұл мысалдан шығатын қорытынды, қарыздық пайыз қаржыны бөлген кезде осындай дисбалансқа себеп болады.

«Салама» және «истисна» негізіндегі қаржыландырулар да шынайы активтердің пайда болуына алып келеді. Инвестор шынайы тауарды қолына алады да, оны нарықта сату есебінен пайда көреді.

Дәстүрлі қаржыландыруда банк өзінің клиенттеріне пайыздық қарыз ретінде ақша береді. Одан бөлек инвестор үшін ақшаның қайда жұмсалып жатқаны маңызды емес. Ал «мурабаханың» жағдайында керісінше, банк қаржы бөлмейді. Оның орнына банк, клиентке керекті активтерді өзі иемденеді. Клиент тауарды иемденуге инвесторды көндірмейінше, келісімшарт жасалмайды. Яғни, банк активтерді пайда қылмайынша «мурабаха» мүмкін емес. Осылайша, қаржыландыру тек активтермен орындалады.

Дәстүрлі қаржыландыруда несиелер кез-келген мақсат үшін беріле береді. Казино өзінің ойын бизнесін дамыту үшін банктен несие ала алады. Бейәдеп журнал (*азғындық* *долықты насихаттайтын анайы шығармалар*) немесе компания өзінің өндірісін дамыту үшін банктің көмегіне жүгіне алады. Бұл орайда ислам банктері мен қаржы ұйымдары несиенің қандай мақсатта рәсімделіп жатқандығына көз жұма қарай алмайды. Олар «мурабаханы» шариғатқа қайшы келетін өндірістерге бере алмайды.

«Мурабахаға» қойылатын негізгі шарттың бірі, тауарды қаржыландырып отырған жақ алады. Яғни, бұл жақ тауарды клиентке сатқанға дейін өзіне тауар қатерін алады дегенді білдіреді. Инвесторға түсетін кіріс – сол қатер үшін сый.

Қарыздық пайызда уақыт өткен сайын қарыз алған адамның төлеуге тиісті сомасы өсе береді. Ал «мурабахада» келісілген баға өзгеріссіз қалады. Тіпті сатып алушы (клиент) уақытылы төлемесе де, сатушы (банк) кешіктіргені үшін жоғары баға сұрауға құқығы жоқ. Себебі шариғат бойынша ақша уақытқа тәуелді емес.

Капиталистік теория бойынша, инвестор мен кәсіпкер – өндірістің екі бөлек факторы. Біріншісі пайыз алады, екіншісі – табыс алады. Пайыз - берілген капитал үшін алынатын сый. Ал табыс тек профицит кезінде көрініс табады.

Исламда керісінше, инвестор мен кәсіпкер өндірістің екі бөлек факторы болып табылмайды. Әрбір капитал ұсынған адам, шығынның қатерін өз мойнына алады, сол үшін де пайдада үлесі бар. Бұл орайда «инвестордың» бойында «кәсіпкердің» де көрінісі бар. Демек, белгіленген пайыздық мөлшерлеменің орнына, инвестор табыс алады. Бизнес неғұрлым табысты болса, капиталдан түсетін кіріс мөлшері де артады. Осылайша қоғамдағы қаржылай әрекеттен түсетін пайда, барлық өндіріске капитал құйған тараптар арасында тең дәрежеде бөлінеді. Қазіргі таңда бизнес үшін капиталды банктер мен қаржы ұйымдары, азаматтардың құйған депозиттерінің есебінен береді. Осы орайда салымшылардың табысы тең пропорцияда бөлінеді. Соның нәтижесінде игіліктер кең дәрежеде, байлықтың азшылықтың ғана қолында шоғырлануына кедергі келтіріп бөлінеді [6].

Ислам қаржы жүйесін Қазақстанда енгізуге себеп болатын және бір мотив, елімізге Парсы шығанағы елдерінен инвестиция тарту. Сол арқылы қаржыландыру көздерін диверсификация жасай аламыз.

Ислам банктері және қаржы ұйымдары, соңғы отыз жылдың ішінде экономикалық жүйеге айтарлықтай өзгеріс енгізген жоқ. Себебі дәстүрлі банкингтің көлемімен салыстырғанда, ислам банктерінің көлемі – теңіздің тамшысындай ақ. Соның нәтижесінде олар аз ғана уақыттың ішінде экономикалық төңкеріс жасай алмайды [7].

Және бір себептерінің бірі, ислам банктері мен қаржы ұйымдары биліктің, құқықтық және салықтық жүйелердің, орталық банктердің қолдауына ие болмай жатыр.

Біздің елімізде бұл жүйе енді-енді қолға алынып келе жатыр. Ең алғашқы Қазақстандағы Ислам банкі «әл-Хиләл» болды. Алдыңғы 2017 жылдың аяғында, Астана банкінің маңынан «әл-Сақр финанс» акционерлік қоғамы өзінің терезесін ашқан болатын. Біздің мемлекетіміз үшін бұның өзі біршама алдыға жылжу деп айтсақ болады. Енді алдағы уақыттарда дамытуды қолға алу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Солдатова А. Феномен исламского финансирования: вчера, сегодня, завтра / А. Солдатова // Проблемы современной экономики. – 2012. – № 7. – С. 268–272.
2. Жданов С. Исламская экономика: ретроспективный анализ / С. Жданов // Финансовый бизнес. – 2000. – № 5. – С. 106–108.
3. Родни Уилсон. Исламский банкинг – шанс на будущее или угроза // Middle East Online. - www.news.invictory.org. - 2007 жылғы 26 қаңтар
4. Подколзина И. Исламский банкинг: сущность и перспективы развития / И. Подколзина, Ш. Халидов // Проблемы экономики и менеджмента. – 2014. – № 1 (29).
5. Усмани М. Введение в Исламские финансы: основные отличия исламской экономики от капиталистической. - Астана, 2014. - 204 б.
6. [Электронный ресурс] // Ислам сегодня, 2014. – Режим доступа: <http://islam-today.ru/>
7. Attitudes to Islamic finance [Электронный ресурс] // Islamic Bank of Britain, 2014. – Режим доступа: <http://www.islamic-bank.com/useful-infotools/media/facts-figures>

ӘӨЖ 327(519.3:519.5)

«КОРЕЙ ТҮБЕГІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК: РЕСЕЙ, ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ЖАПОНИЯ МҮДДЕЛЕРІ»

Шакен Нурзат Ринатқызы

nurzat.rinatovna@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ХҚФ Шығыстану мамандығының 4-курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі –Б.Ж.Абжаппарова

Кореяны біріктіру жолындағы КХДР мен КР-ның жасаған ұсыныстары

КСРО ыдырағанға дейін, Солтүстік Корея шиеленісті шешу үшін біршама жұмыстар атқарды. Бірақ КХДР-дің ұсыныстарын АҚШ пен Корея Республикасы қабылдамай тастады.

КХДР-дың ұсыныстары:

- КХДР екі Кореяның бейбіт бірігіп, соңында Корея республикасын құрып, оның өзі бейтарап мемлекет болуы керек, сонымен қатар ел “бір мемлекет екі жүйе” ретінде дамуы қажет делінген ұсыныс. Бұл терминді қазірдің өзінде Қытай Гонконгті қосып алудың алғышарты ретінде пайдаланған;
- 1984 жылы КХДР АҚШ пен Оңтүстік Кореямен қосылып үш жақты кездесу өткізуі.
- КХДР Корея түбегін ядролық аймақ ретінде қайта құру, Солтүстік пен Оңтүстіктің арналарын 1988-1991 жылдар аралығында 100 мың адамға дейін қысқарту ұсынысы болды [1].

КХДР-дың бұл барлық ұсыныстары, КСРО тарапынан әрқашанда қолдауға ие болып отырды. Бірақ, бұл ұсыныстардың қабыл болуы үшін, әлі де көп жұмыс жасау қажет екенін түсіну керек. Оған Оңтүстік пен Солтүстік арасында табиғи апаттардың салдары дәнекер бола алды. 1984 жылы күзде Оңтүстік Кореяда болған тайфун салдарынан болған апатта, Солтүстік Корея экономикалық көмек көрсетті. Бұл көмекті Сеул қабылдады. Артынша екі ел бөлінгеннен бері болмаған 200 адамдық делегациямен алмасты. Олардың ішінде, соғыс кесірінен айырылған жанұя мүшелері, әртістер, журналистер және тағы басқалар болды. 1984-1985 жылдар аралығында екі ел үкіметтерінің делегаттары кездесіп, экономикалық